

## Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N 338-ІІ Заңы

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы" 1993 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 1, 1-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат):

1) Заңның бүкіл мәтіні бойынша:

"шекара әскерлеріне", "шекара әскерлерінің", "Қазақстан Республикасы шекара әскерлерінің", "шекара әскерлері", "Қазақстан Республикасының шекара әскерлері", "шекара әскерлерімен", "шекара әскерлерін" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне", "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің", "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен", "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі", "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мемлекеттік шекарасын", "мемлекеттік шекараға", "мемлекеттік шекараны", "мемлекеттік шекарасының", "мемлекеттік шекара", "мемлекеттік шекарасы", "мемлекеттік шекарасындағы", "мемлекеттік шекарасында", "мемлекеттік шекарасынан", "мемлекеттік шекарасына" деген сөздер тиісінше "Мемлекеттік шекарасын", "Мемлекеттік шекараға", "Мемлекеттік шекараны", "Мемлекеттік шекарасының", "Мемлекеттік шекара", "Мемлекеттік шекарасы", "Мемлекеттік шекарасындағы", "Мемлекеттік шекарасында", "Мемлекеттік шекарасынан", "Мемлекеттік шекарасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тараулардың нөмірленуі араб цифрларына ауыстырылсын;

3) 1-баптың бірінші бөлігінде "үстіңгі қабаты" деген сөздер "жазықтық" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 2-баптың үшінші абзацындағы "күшіне енгізілген" деген сөздер "қолданысқа енгізілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 3 - бапта:

бірінші бөлікте:

"Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді. Мемлекеттік

шекараны" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, Мемлекеттік шекараны" деген сөздермен ауыстырылсын;

"тәртібі мен" деген сөздерден кейін "Мемлекеттік шекара арқылы" деген сөздермен толықтырылсын;

"заң және нормативтік" деген сөздер "нормативтік құқықтық" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.";

6 ) 4 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац "оперативтік" деген сөзден кейін ", ақпараттық, ғылыми" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзацта "заңды ұйымдар мен нақты адамдардың" деген сөздер "жеке және заңды тұлғалардың" деген сөздермен, "қылықтарға" деген сөз "құқық бұзушылықтарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте "әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлеріне" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте "министрліктер мен ведомстволар" деген сөздер "мемлекеттік органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

7 ) 5 - б а п т а :

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасының иелігіндегі аумақтық суларға (теңізге) Қазақстан Республикасына тиесілі құрлықта да, аралдарда да судың ең көп қайтатын жиегінен немесе халықаралық шарттарға сәйкес анықталатын тиісті географиялық нүктелерді қосатын бастапқы түзу сызықтан есептелетін ені он екі теңіз милі болатын жағалық теңіз сулары жатады. Географиялық нүктелердің тізбесін, олардың негізгі бастапқы геодезиялық деректерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қазақстан Республикасының шектес мемлекеттермен аумақтық сулар (теңіз) шекаралары олармен жасалған халықаралық шарттар арқылы белгіленеді.

Қазақстан Республикасының континенттік қайраңына Қазақстан Республикасы аумақтық суларының (теңіздің) сыртқы шегінен оның орта сызығына дейінгі Каспий теңізінің беті және оның түбінің қойнауы жатады.

Қазақстан Республикасы континенттік қайраңының шекаралары халықаралық шарттармен белгіленеді.";

төртінші бөлік мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Каспий теңізінің Қазақстан Республикасына тиесілі шығанақтарының,

бухталарының, құйылыстарының, жайылмаларының сулары, олардың тізбесін халықаралық құқық нормаларына және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.";

бесінші бөлік алып тасталсын;

8) 7-бапта "кәсіпшілік" деген сөзден кейін ", зерттеу, іздестіру" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 8-баптың бірінші бөлігінің мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

10) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өту

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы темір жол, автомобиль, теңіз, әуе қатынасы мен өзге де қатынас Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, кеден органдарының және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын басқа да органдардың бақылау-өткізу пункттері құрылады

3. Әскери емес кемелер мен әскери корабльдер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өтеді.

4. Әуе кемелері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес арнайы бөлінген ұшып кіретін (ұшып шығатын) әуе дәліздері арқылы ұшып өтеді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан әуе дәліздерінен тыс ұшып өтуге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жол беріледі.";

1 1 ) 1 0 - б а п т а :

бірінші бөлікте "мекемелері", "республикалық құзыретті органдардың рұқсаты бойынша ғана" деген сөздер тиісінше "органдары", "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте "және құзыретті органдар шығарып, белгіленген тәртіп бойынша жарияланатын ережелермен" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөлікте "аумақтық теңізі" және "аумақтық теңізіне" деген сөздер тиісінше "аумақтық сулары (теңізі)" және "аумақтық суларына (теңізіне)" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлікте "аумақтық теңізі", "Қазақстан Республикасы құзыретті органдарының рұқсаты бойынша" деген сөздер тиісінше "аумақтық сулары (теңізі)", "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөлікте "аумақтық теңізі", "құзыретті" деген сөздер тиісінше "аумақтық сулары (теңізі)", "мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;  
жетінші бөліктің бесінші абзацында "халықаралық құқық актілерімен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстандық және шетелдік әуе (теңіз) кемелері көзделмеген жерлерге амалсыз қонған (кірген) кезде шекаралық бақылауды - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары, ал кедендік бақылауды кеден органдары әуежайлардың (аэродромдардың), теңіз және өзен порттарының әкімшілігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің ең жақын шекаралық бақылау бөлімдері (бөлімшелері) мен Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарына хабарлай отырып, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.";

12) 11 және 12-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтетін кездегі бақылау

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтетін кезде адамдар, көлік құралдары, жүктер мен тауарлар шекара, кеден және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген басқа да бақылау түрлерінен өткізілуге тиіс.

12-бап. Адамдарды, көлік құралдарын, жүктерді және тауарларды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы адамдарды, көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды өткізу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген және халықаралық шарттарда белгіленген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде жүзеге асырылады.

2. Келе жатқан адамдарды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізуді Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің шекаралық бақылау бөлімдері мен бөлімшелері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтуге құқық беретін құжаттар бойынша жүзеге асырады.

3. Көлік құралдарын, жүктерді және тауарларды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізуді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен кеден органдары мен басқа да мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен бірлесе отырып жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес адамдарды, көлік құралдарын, жүктерді, тауарларды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

шекарасы арқылы өткізудің өзге де тәртібі белгіленуі мүмкін.";

13) 13-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында шаруашылық, кәсіпшілік, зерттеу, іздестіру және өзге де қызметті, соның ішінде бірлескен қызметті Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүргізеді және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында тиісінше тәртіп қамтамасыз етілетіндей етіп жүзеге асырады.";

14) 14 - б а п т а :

екінші және үшінші абзацтарда "кәсіпшілік" деген сөзден кейін ", зерттеу, іздестіру" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші абзацта "аумақтық теңізінде" деген сөздер "аумақтық суларында (теңізінде)" деген сөздермен ауыстырылсын, "кәсіпшілік" деген сөзден кейін ", зерттеу, іздестіру" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 15-баптың бірінші бөлігінің төртінші абзацында "аумақтық теңізіне" деген сөздер "аумақтық суларына (теңізіне)" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 16-баптың бірінші бөлігі "мемлекеттік шекарасы" деген сөздер "мемлекеттік шекарасының жағдайы туралы өзара ақпарат алмасу" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 18 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының шекаралық тәртібі және аумақтық сулары (теңізі) мен континенттік қайраңының тәртіптері";

бірінші бөлік "өңірде", "шекаралық тәртіп" деген сөздерден кейін тиісінше ", Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) мен континенттік қайраңында", "Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) мен континенттік қайраңының тәртібін" деген сөздермен толықтырылсын; "ішкі суларында" деген сөздің алдынан "аумақтық сулары (теңізі) мен" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте "аумақтық теңізі" деген сөздер "аумақтық сулары (теңізі)" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде) және континенттік қайраңында, шекаралық өзендер және өзге де су қоймалары суларының Қазақстанға қарайтын бөлігінде кәсіпшілік, зерттеу, іздестіру қызметтері мен өзге де қызметтер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы баптың үшінші бөлігінде аталған қызмет Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) мен континенттік қайраңында - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне хабарлай отырып, ал Қазақстан Республикасының ішкі суларында, шекаралық өзендер мен өзге де су қоймаларының Қазақстанға қарайтын бөлігінде олардың рұқсатымен жүзеге асырылады.";

18) 19 - бапта :

мемлекеттік тілде мынадай мазмұндағы бірінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер басқа тәртіп белгіленбесе, шекаралық аймақта тұрақты тұрмайтын адамдардың ішкі істер органдарының рұқсатынсыз бұл аймаққа кіруіне тыйым салынады." ;

үшінші бөлікте "Қазақстан Республикасының және Достастықтың басқа да тәуелсіз мемлекеттерінің қызметтік іссапарларға, емделу мекемелеріне, демалыс үйлеріне, туристік базаларға баратын тұрғындары" деген сөздер "Қызметтік іссапарларға, емделу мекемелеріне, демалыс үйлеріне, туристік базаларға баратын Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлікте "Басқа мемлекеттердің тұрғындары", "халықаралық шарттар мен келісімдерде" деген сөздер тиісінше "Шетелдіктер", "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 20 - бапта :

тақырыбында "кәсіпшілік" деген сөзден кейін ", зерттеу, іздестіру" деген сөздермен толықтырылсын ;

бірінші абзац мемлекеттік тілде өзгеріссіз қалдырылсын;

төртінші абзацта "кәсіпшілік" деген сөзден кейін ", зерттеу, іздестіру және өзге де" деген сөздермен толықтырылсын ;

20) 21 - бапта :

бірінші бөлікте :

"Мемлекеттік шекара" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мал дәрігерлік қадағалау органдарының" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың аймақтық бөлімшелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"кәсіпорындарға," деген сөз алып тасталсын;

"мемлекеттік шекараның" деген сөздер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Карантин өңірін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Оны қоршауды жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдар қамтамасыз етеді. Карантин өңірінің ветеринариялық тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен айқындалады." ;

21) 22 - бапта :

бірінші бөлікте :

"мекемелерінің" деген сөз "органдарының" деген сөзбен ауыстырылсын;

"мемлекеттік шекара" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

шекарасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өзге мүлікті" деген сөздер "тауарларды" деген сөзбен ауыстырылсын;  
үшінші бөлік мемлекеттік тілде өзгеріссіз қалдырылсын;

22) VI тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдарының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы мәселелерін реттеу саласындағы өкілеттіктері";

23) 23 және 24-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының өкілеттіктері

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеп, іске асырады;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету саласындағы қызметін басқарады және олардың осы Заңды орындауын бақылауды жүзеге асырады.

2. Шекара маңындағы облыстардың (аудандардың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары өз аумақтарында:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуді қамтамасыз етуіне, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің, Қазақстан Республикасының аумақтық суларының (теңізінің) тәртіптері мен шекаралық тәртіптің сақталуына жәрдемдеседі;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету қажеттері үшін өтеусіз пайдалануға жер береді, оның пайдаланылуына және Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарының сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің объектілеріне, әскери қызметшілерге, жұмысшылар мен қызметшілерге, олардың отбасы мүшелеріне қатысты құқыққа қарсы әрекеттердің жасалуына жол бермеу жөнінде шаралар қолданады;

4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуге азаматтарды еріктілік негізінде тартуға жағдай жасайды және жәрдемдеседі;

5) жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы Қазақстан Республикасының заңдарын орындауын қамтамасыз етеді.

Шекара маңындағы облыстардың (аудандардың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының тиісті аумақта Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуді тікелей жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің бөлімшелеріне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес материалдық-техникалық көмек көрсетуге құқығы бар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы шаруашылық, соның ішінде шектес тараппен бірлескен қызмет мәселелерін шешкен кезде шекаралық өкілдер аппараттарының жұмысына қатысады.

24-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының  
өкілдіктері

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті:

1) мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы жүйесінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді;

2) халықаралық қатынас арналарында саяси, әлеуметтік-экономикалық және қылмыстық жағдайды, сондай-ақ шектес мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қатысты болуы мүмкін дағдарысты жағдайларды талдап, болжам жасауды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзу жөніндегі қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу жүргізеді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында ұсталған адамдардың құқық бұзуының мән-жайларын анықтауға және тексеруге, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшілік тәртіппен де қатысады;

4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету мен қорғауды тікелей қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне оралымды басшылықты жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

1) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтуге құқық беретін құжаттарды ресімдейді;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің басшылығына Қазақстан Республикасына қатысты шектес мемлекеттердің шекара және виза саясатындағы, басқа мемлекеттердегі мемлекеттік шекара арқылы өту тәртібіндегі өзгерістер туралы, шектес мемлекеттермен мемлекеттік шекараны делимитациялау мен демаркациялаудың жүргізілуі туралы хабарлап отырады;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің шекаралық өкілдері реттемеген жанжалдарды дипломатиялық тәртіппен шешеді.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:



1) Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтуге құқық беретін құжаттарды және (немесе) оларға шекаралық аймаққа кіруге құқық беретін рұқсат қағаздарды ресімдейді;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен бірлесіп, шекаралық тәртіп ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

3) Қазақстан Республикасының шекара маңындағы аудандарындағы құқық тәртібінің жай-күйі, тұрғылықты жерінен белгісіз мән-жайларда кетіп қалған адамдар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне қатысты құқыққа қарсы ниеттері бар қылмысты топтар мен адамдар туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне хабарлап отырады;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету жөніндегі іс-шараларды жүргізуде, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын және оның тәртібін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі тәртіпті бұзған адамдарды іздестіруде, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында азаматтар жасаған құқық бұзушылықтың мән-жайларын анықтау мен тексеруде жәрдемдеседі;

5) туындаған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, шекара бұзушыларды шекарада іздестіру, шектес мемлекеттер азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағына қарулы басып кіруіне немесе жаппай өтуіне тойтарыс беру кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің ұсынуы бойынша шекаралық аймақтағы (өңірдегі) жекелеген жер учаскелеріне немесе объектілерге азаматтардың баруын уақытша шектейді немесе баруына тыйым салады;

6) Қазақстан Республикасының шекара маңындағы аудандарының халқына құқықтық тәрбие беруге қатысады, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында және ол арқылы өткізу пункттерінде құқық бұзушылықтың алдын алуды жүзеге асырады.

#### 4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін күзетуді және қорғауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының күзеті мен қорғанысына қатысуын қамтамасыз етеді.

5. Қазақстан Республикасының кеден органдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өтетін адамдарға, көлік құралдарына, жүктер мен тауарларға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бақылау жасауды жүзеге

а с ы р а д ы .

6. Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету мен қорғауды, оның тәртібін және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің, Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) мен континенттік қайраңының тәртібін қамтамасыз етуге жәрдем көрсетеді.";

2 4 ) 2 5 - б а п т а :

тақырып пен бірінші абзацта "әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің", "Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері" деген сөздер тиісінше "Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің", "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзацта "қарулы күштер" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"26-бап. Заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы мәселелері бойынша міндеттері

Заңды тұлғалар, олардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштеріне, кеден органдарына және басқа да мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуге көмек көрсетуге, олардың заңды талаптарын орындауға, оларға қажетті ақпарат беруге құқылы.";

2 6 ) 2 7 - б а п т а :

тақырыпта "мемлекеттік шекарасын күзету саласындағы" деген сөздер "Мемлекеттік шекарасы мәселелері бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын; бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының белгіленген тәртібін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің тәртібін, Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) мен континенттік қайраңының тәртіптерін, сондай-ақ шекаралық тәртіпті сақтауға және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі мен осы тәртіптің сақталуын бақылауды жүзеге асыратын органдардың заңды талаптарын орындауға және оларға осы міндеттерді орындауда жәрдем көрсетуге міндетті.";

үшінші бөлік алып тасталсын;

27) 28-бапта "шекарасын күзету саласында", "орталық ведомстволар" деген сөздер

тиісінше "шекарасы мәселелері бойынша", "мемлекеттік органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 29-баптың бірінші бөлігінде "әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің басқа да қарулы" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 30-бап мемлекеттік тілде өзгеріссіз қалдырылсын;

30) 31-бапта:

бірінші бөліктің бірінші және үшінші абзацтарындағы "әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері", "әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлеріне" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері", "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлікте "Қазақстан Республикасының қарулы күштері басқа түрлерінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 33-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"33-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы заңдардың бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2. Қазақстан Республикасының азаматы, шетелдік және азаматтығы жоқ адам Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың әскери қызметшілерінен өз құқықтары мен бостандықтарын шектеу жөнінде түсіндірме алуға құқығы бар. Қазақстан Республикасы азаматының, шетелдіктің және азаматтығы жоқ адамның заңды құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда тиісті лауазымды адам Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бұл құқықтарды қалпына келтіруге, келтірілген залалды өтеуге міндетті.";

32) 34-баптағы ", меншік нысанына қарамастан мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың ерікті жарналарының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік жер қорының" деген сөздер алып тасталсын;

33) 35-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"35-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін жасақтау

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін адам ресурстарымен жасақтауды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген

тәртіппен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жүзеге асырады.";

34) 36-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"36-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы Қазақстан Республикасы заңдарының сақталуын қадағалау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы Қазақстан Республикасы заңдарының дәл және бірыңғай қолданылуын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен ол уәкілеттік берген прокурорлар жүзеге асырады."

2. "Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері туралы" 1993 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 1, 3-құжат; 1995 ж., N 8, 56-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-құжат):

1) Заңның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) Заңның бүкіл мәтіні бойынша:

"Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің", "Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері", "Шекара әскерлерін", "Шекара әскерлері", "Қазақстан Республикасының Шекара әскерлерінде", "Қазақстан Республикасының Шекара әскерлерін", "Қазақстан Республикасының Шекара әскерлеріне", "Шекара әскерлерінің", "Шекара әскерлерінде", "Шекара әскерлеріндегі" деген сөздер тиісінше "Шекара қызметінің", "Шекара қызметі", "Шекара қызметін", "Шекара қызметінде", "Шекара қызметіне", "Шекара қызметіндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мемлекеттік шекарасын", "мемлекеттік шекарасы", "мемлекеттік шекара", "мемлекеттік шекарадағы", "мемлекеттік шекараны", "мемлекеттік шекарасында", "мемлекеттік шекарасынан" деген сөздер тиісінше "Мемлекеттік шекарасын", "Мемлекеттік шекарасы", "Мемлекеттік шекара", "Мемлекеттік шекарадағы", "Мемлекеттік шекараны", "Мемлекеттік шекарасында", "Мемлекеттік шекарасынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тараулардың нөмірленуі араб цифрларына ауыстырылсын;

4) 1 және 2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (бұдан әрі - Шекара қызметі) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету мен қорғауға, Қазақстан Республикасының егемендігі мен аумақтық тұтастығына қол сұғудың алдын алуға және жолын кесуге арналған.

2. Шекара қызметінің - туы, оның ішінде әскери-теңіз туы және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері пайдаланатын айырым белгілері, ал бірлестіктердің

, құрылымдардың және жауынгерлік бөлімдердің белгіленген үлгідегі жауынгерлік  
т у л а р ы б о л а д ы .

2-бап. Қазақстан Республикасының Шекара қызметі туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының Шекара қызметі туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.";

5) 3-бапта "алқалылыққа, мемлекеттік өкімет пен басқару органдарымен, қоғамдық бірлестіктермен, еңбек ұйымдарымен және халықты" деген сөздер "ұлттық қауіпсіздік органдары жүйесінің бірлігіне, жергілікті өкілді және атқарушы органдармен, ұйымдармен және халықпен" деген сөздермен ауыстырылсын, "саяси партиялар мен қозғалыстардың" деген сөздер "саяси партиялардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 4-баптың бірінші бөлігі:

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) мен континенттік қайраңын  
к ү з е т у ; " ;

үшінші абзацтағы "республиканың" деген сөз "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен, "шарттар мен келісімдерінен" деген сөздер "шарттарынан" деген сөзбен  
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

7) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Шекара қызметін басқару, қаржы және материалдық-техникалық  
жағынан қамтамасыз ету

1. Шекара қызметіне тікелей басшылықты және оны басқаруды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Шекара қызметінің Директоры жүзеге асырады. Шекара қызметінің Директоры Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары болып табылады.

2. Шекара қызметінің құрылымы мыналардан тұрады: Шекара қызметінің Орталық аппараты, арнаулы бірлестіктер, құрылымдар (шекара отрядтары, теңіз шекара дивизиясы), бөлімдер (шекаралық бақылау отрядтары, жеке бақылау-өткізу пункттері), бөлімшелер (шекаралық комендатуралар, шекара заставалары, бақылау-өткізу пункттері), авиациялық, теңіз және арнаулы бөлімдер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті белгілейтін тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы құратын қамтамасыз ету бөлімдері мен бөлімшелері.

3. Шекара қызметі штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Президенті  
б е л г і л е й д і .

4. Шекара қызметінің жұмысын қаржыландыру мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету тиісті жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан

Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарын ұстауға көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады." ;

8) мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:  
"5-1-бап. Шекара қызметінің мекемелері

1. Шекара қызметінде өзінің бұқаралық ақпарат құралдары, әскери-медицина, мәдени-тәрбие, спорт мекемелері мен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен құрылатын және таратылатын өзге де мекемелер болады.

2. Әскери қызметшілердің, мекемелердің жұмысшылары мен қызметшілерінің штат санын Шекара қызметі штат санының лимиті шегінде Шекара қызметінің Директоры белгілейді." ;

9) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Шекара қызметінің жұмысына бақылау жасау

1. Шекара қызметінің жұмысына бақылау жасауды Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті жүзеге асырады.

2. Шекара қызметінің қаржылық жұмысына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті бақылау жасайды." ;

10) 7 - бапта :

бірінші абзац мемлекеттік тілде өзгеріссіз қалдырылсын;  
үшінші абзацта "азаматтардың жеке меншігін" деген сөздер "жеке меншікті" деген сөздермен ауыстырылсын ;

бесінші абзацта "белгіленген пункттерден", "өзге де мүлікті" деген сөздер тиісінше "белгіленген тәртіппен", "тауарларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы абзацта "аумақтық теңізде" деген сөздер "Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

он бірінші абзацта "айналадағы табиғи" деген сөздер "қоршаған" деген сөзбен ауыстырылсын ;

11) 8 - бапта :

бірінші бөлікте :

бірінші абзацта "поселке, село, ауыл, аудан, қала, қаладағы аудан" деген сөздер "әкімшілік-аумақтық бөліністер" деген сөздермен ауыстырылсын, "аумақтық" деген сөзден кейін "суларында (теңізінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацта "өзге де мүліктерді" деген сөздер "тауарларды" деген сөзбен ауыстырылсын ;

бесінші абзацта "мемлекеттік шекара тәртібін бұзушылар, мемлекеттік шекара мен шекара тәртібін бұзушылар жөнінде" деген сөздер алып тасталып, "және" деген сөзден кейін "өздерінің қарауына жататын" деген сөздермен толықтырылсын, "заңдарға" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;  
жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын: "өздерінің қарауына жататын құқық

бұзушылықтың мән-жайын анықтау үшін Шекара қызметінің бөлімшелеріне адамдарды шақыру және заңмен белгіленген жағдайларда оларды сонда әкелу. Қажет болған жағдайларда аталған құқық бұзушылықтардың мән-жайын анықтау өзге жерлерде де жүзеге асырылуы мүмкін;" ;

тоғызыншы абзацта "шекара аудандарындағы құқық қорғау органдарының, ұйымдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың, шаруашылықтардың" деген сөздер " шекара маңындағы аудандардың құқық қорғау органдарының, ұйымдарының" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өтетін адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне немесе Қазақстан Республикасынан шығуына құқық беретін құжаттарын тексеру, оларға тиісті белгілер соғу және қажет болған жағдайда оларды алып қою, шет елде немесе Қазақстан Республикасында болған кезінде құжаттарын жоғалтып алған Қазақстан Республикасының азаматтары мен басқа да адамдарды кім екені анықталғанға дейін өткізбей, режим аймағында немесе осы мақсаттар үшін арнайы жабдықталған орындарда қалдыру;" ;

он бірінші абзацта "олармен тасылып бара жатқан жүктерді және өзге де мүлікті, заттар мен басқа да нәрселерді" деген сөздер "жүктері мен тауарларын" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

он үшінші абзацта "кәсіпорындармен," , "және мекемелермен" деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

он төртінші абзацта "шекаралық" деген сөз "аумақтық және ішкі" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

он бесінші абзацта "дүлей апат зардаптарын" деген сөздер "табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан туындаған зардаптарды" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

он алтыншы абзацта "жер" деген сөзден кейін "және су айдыны" деген сөздермен толықтырылсын, "кәсіпорындардың, мекемелер мен" деген сөздер алып тасталсын;

он жетінші абзацта "кәсіпорындардың, мекемелердің," , "қоғамдық бірлестіктердің," деген сөздер алып тасталсын, "жасалған шығындарды" деген сөздер "шығындарды" деген

сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

е к і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзацта "Аумақтық теңіз" деген сөздер "Аумақтық сулар (теңіз)" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші абзацта "тыйым салынған" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін жағдайлар мен тәртіп бойынша тыйым салынған" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мемлекеттік тілдегі мәтінде үшінші абзац алып тасталсын, төртінші абзац үшінші а б з а ц деп е с е п т е л і п :

"қылмыс жасаған" деген сөздер "құқық бұзған" деген сөздермен ауыстырылсын;  
"қылмыстық" деген сөзден кейін "немесе әкімшілік" деген сөздермен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"тергеу органдарына" деген сөздер "тергеу немесе әкімшілік органдарына" деген  
с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шекара қызметінің өзге де құқықтары:

1) шектес мемлекеттердің шекара өкілдерімен Мемлекеттік шекара тәртібін сақтау,  
шекарадағы жанжалдарды реттеу, ақпарат алмасу мәселелері бойынша хат алысуды  
жүргізу, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шекара  
мәселелері бойынша келіссөздер жүргізу үшін өзара уағдаластық бойынша Қазақстан  
Республикасының аумағына шектес мемлекеттердің өкілдерін шақыру және шектес  
м е м л е к е т т е р д і ң а у м а ғ ы н а ө т у ;

2) мемлекеттік органдар мен заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік шекарасына қатысты құқық бұзушылықтар жасауға итермелейтін  
себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныстар енгізу;

3) өзінің жеке ақпараттық деректер базасын құру, Қазақстан Республикасының  
мемлекеттік органдарымен өтеусіз негізде және басқа да мемлекеттердің мемлекеттік  
органдарымен Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен ақпарат  
а л м а с у д ы ж ү з е г е а с ы р у . " ;

1 2 ) 9 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

"еңбек шарты бойынша жалданған" деген сөздер "жеке еңбек шарты бойынша  
жалданған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"әскери қызметшілеріне" деген сөздер "офицерлеріне, прапорщиктеріне" деген  
с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"қолданылып жүрген Заңдарға, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік  
актілеріне және әскери жарғыларға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының  
заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте "нақты" және "қолданылып жүрген" деген сөздер алып тасталсын, "  
екі жақты келісімдерге" деген сөздер "халықаралық шарттарға" деген сөздермен  
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

13) 11-бапта "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі  
және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен, Қазақстан  
Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілеріне қатысты басқа да заң және  
нормативтік актілерімен реттеледі." деген сөздер "Қазақстан Республикасының  
заңдарына сәйкес анықталады." деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 12-бапта "қолданылып жүрген заңдарында көзделген тәртіппен" деген сөздер "  
заңдарына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын.



3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мал дәрігерлігі туралы" 1995 жылғы 25 шілдедегі N 2376 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 14, 94-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 23, 931-құжат):

18-баптың 3-тармағында "шекара әскерлерімен" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Республикалық ұлан туралы" 1995 жылғы 5 желтоқсандағы N 2671 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 22, 139-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж. N 12, 184, 190-құжаттар; 1998 ж., N 11-12, 174-құжат ; N 24, 436-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат):

7-баптың 1-тармағының 2) тармақшасында "Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитет пен" деген сөздер "Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мен" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы , 1995 ж., N 23, 148-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат):

1) 1-баптың жетінші бөлігінде "Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 97-баптың бірінші бөлігінде "Ішкі істер органдарына, кеден мекемелері, шекара әскерлеріне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына, кеден органдарына, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. "Мемлекеттік құпиялар туралы" 1999 жылғы 15 наурыздағы Z990349\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 4, 102-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат):

11-баптың 18) тармақшасында "шекара әскерлері қызметінің негізгі түрлерін" деген сөздер "Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің негізгі қызмет түрлерін" деген сөздермен ауыстырылсын, 14-баптың 8) және 9) тармақшаларындағы "шекара әскерлерінің" деген сөздер "Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. "Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 6, 190-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат):

1) 7-баптың 1-тармағының 2) тармақшасында "ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мемлекеттік шекараны қорғау күштері" деген сөздер "Қазақстан Республикасының ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік" деген сөздермен

ауыстырылсын;

2) 9 - бапта :

тақырыпта "Ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мемлекеттік шекараны күзету күштерінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының" деген сөздермен

ауыстырылсын;

2-тармақта "Ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мемлекеттік шекараны күзету күштерінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта ", Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі комитеті" деген сөздер алып тасталсын;

3) 11 - бапта :

1-тармақта ", мемлекеттік шекараны күзету күштерінің" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақтың 4) тармақшасында "мемлекеттік шекараны күзету күштері" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. "Кәсіптік одақтар туралы" 1993 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 8, 200-құжат; 1995 ж., N 20, 121-құжат) :

3-баптың бірінші бөлігінде "Қарулы Күштерде, ішкі, шекара, темір жол әскерлерінде, басқа да әскери құрамаларда," деген сөздер "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында" деген сөздермен, " заңдармен" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. "Жедел-іздігіру қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 13-14, 199-құжат; 1995 ж., N 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 17-18, 245-құжат; 2002 ж., N 4, 32-құжат):

1) 6-баптың 3) тармақшасы алып тасталсын;

2) 10-баптың 2-тармағының екінші абзацында ", Шекара әскерлері" деген сөздер алып тасталсын;

3) 12 - баптың 2 - тармағында :

в) тармақшасында "Шекара әскерлерінің жедел органдары" деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

үшінші бөлікте ", Шекара әскерлері" деген сөздер алып тасталсын.

10. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік наградалары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 143-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 18, 366-құжат; 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 21, 782-құжат; 2001 ж., N 10, 121-құжат):

20-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жауынгерлік ерлігі үшін" медалімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының әскери қызметшілері, сондай-ақ прокуратура, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының қызметкерлері:".

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*